

МРНТИ 18.41.91

Кәрима Сахарбаева¹*¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан***САН ҚЫРЛЫ ТАЛАНТ ИЕСІ
(КОНСЕРВАТОРИЯ АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БІРЕГЕЙІ,
ПРОФЕССОР Х.ТАСТАНОВ ТУРАЛЫ)****Аннотация**

1945 жылы Қазақ мемлекеттік консерваториясында ашылған Халық аспаптар кафедрасына қабылданған алты талантты жас және кейін қазақ өнерінің «алты арысы» аталынған кәсіби білікті мамандардың бірі – Х.Тастанов еді. Ол домбыра үйрету үрдісін алғашқы қолға алған, домбыра өнерін түбегейлі ғылыми салаға астастырған мамандардың бірі екенін осы деректерден де танып білеміз. Оның «Алғашқы домбырадан сабақ беру әдістері», «Домбыра оркестрін қалай ұйымдастыру керек» – (1956), «Домбыраға арналған шығармалар» – (1957), «Домбыраға арналған этюдтер мен пьесалар» – (1966), «Алғашқы домбыра үйрену мектебі» – (1966), «Домбыраға арналған этюдтер мен пьесалар» – (1966) баспадан жарық көріп күні бүгінге дейін домбырашылар репертуарының, оларға сабақ беру, үйрету үрдісінің негізіне айналды. Хабидолла Тастановұлының бұл еңбектеріндегі кәсіби домбыра үйретудің әліппесінің негіздері алғаш ғылыми негізде дәлелденген тұжырымдар. Мұнда домбыра үйретудің негізгі принциптері, оқытушының мақсаты мен міндеттері, оқушымен таныстықтан бастап сабақты жоспарлау, оқушының қол қойылымы, орындыққа отырысы, жалпы адами байланысқа тәрбиелеу, жаңа шығарманы үйрету, мазмұнын ашу жолдары, жалпы сабақ беру әдістері сияқты т.б. педагогиканың мәселелерін қарастырады. Ол өзінің оқу жоспарында күй жанрына ерекше тоқталады, жай-жапсарын нақты қарастырады.

Түйінді сөздер: Х.Тастанов, күй, домбыра, жанр, әдіс.**Карима Сахарбаева¹***¹Казахская национальная консерватория им. Курмангазы
Алматы, Казахстан***МНОГОГРАННЫЙ ТАЛАНТ
(ОДИН ИЗ ПЕРВЫХ ВЫПУСКНИКОВ КОНСЕРВАТОРИИ,
О ПРОФЕССОРЕ Х. ТАСТАНОВЕ)****Аннотация**

В 1945 году на кафедре народных инструментов, открывшуюся в Казахской государственной консерватории, был зачислен один из шести талантливых молодых людей и один из наиболее квалифицированных специалистов казахского искусства – Х. Тастанов. По этим данным мы знаем, что он является одним из первых специалистов в области домбрового искусства, который начал процесс обучения домбре. Его методы преподавания домбры «Как организовать домбровый оркестр» (1956), «Произведения для домбры» (1957), «Этюды и пьесы для домбры» (1966), «Первая школа домбры» (1966), стали основой репертуара домбристов, процесса их преподавания, обучения. В этих трудах Хабидоллы Тастановича впервые научно доказаны основы азбуки профессионального домбрового обучения. Здесь рассматриваются основные принципы обучения домбре, цели и задачи преподавателя, планирование урока от знакомства с учеником, постановка руки ученика, постановка на стуле, воспитание общечеловеческой связи, обучение новому произведению, пути раскрытия содержания, методы общего преподавания и др. В своем учебном плане он особое внимание уделяет жанру кюя, четко рассматривает его состояние.

Ключевые слова: Х.Тастанов, кюя, домбра, жанр, прием.

Karima Saharbayeva¹

¹*Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Kazakhstan, Almaty*

**MULTI-FACETED TALENT (ONE OF THE FIRST GRADUATES OF THE
CONSERVATORY, ABOUT PROFESSOR H. TASTANOV)**

Abstract

In 1945, one of the six talented young people and one of the most qualified specialists of Kazakh art was enrolled in the Department of Folk Instruments, which opened in the Kazakh State Conservatory. Tastanov. According to these data, we know that he is one of the first specialists in the field of dombra art, who began the process of learning dombra. His methods of teaching dombra "How to organize a dombra orchestra" (1956), "Works for dombra" (1957), "Etudes and pieces for dombra" (1966), "The First School of Dombra" (1966), became the basis of the repertoire of dombrists, the process of their teaching, training. In these works, Habidolla Tastanovich for the first time scientifically proved the basics of the ABC of professional dombra training. Here we consider the basic principles of teaching dombra, the goals and objectives of the teacher, lesson planning from getting to know the student, setting the student's hand, setting it on a chair, fostering a universal connection, teaching a new work, ways to reveal the content, methods of general teaching, etc. In his curriculum, he pays special attention to the genre of kuya, clearly considers its state.

Keywords: H.Tastanov, kui, dombra, genre, performance techniques of the game.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақ елі мәдениеті мен өнеріндегі көтеген соны бастамалар және 1944 жылы Мемлекеттік консерваториясының шаңырақ көтеруі Қазақстан үшін елеулі оқиға болды. Осы жылы 30 сәуірде Кеңестер одағы, Халық комиссарлары Кеңесінің өкіміне сәйкес (Совнарком Каз. ССР) консерватория (Халық комиссариаты кеңесі) ұйымдастыру жөнінде № 94 қаулы қабылдайды. Қаулыда «Музыкалық-хореграфиялық комбинаттың ғимараты базасында музыка тарихы және композиторлық, вокальдық, хор дирижерлау, фортепиано және құрамында ұлт аспаптар бөлімі мен оркестр факультеттері ұйымдастырылсын»-делінген. [1.16-19] МУЗХОП Комбинаттың директоры И.В. Круглыхин ректор болып тағайындалады. 1944 жылы Оркестр факультетінің дайындық курсына домбыра мамандығы бойынша 2 студент қабылданады. Олар кейін табиғи таланттарымен қоса, тынымсыз еңбек пен таным, ізденіс тағылымы арқасында қазақ кәсіби өнерінің жұлдыздары, ұлылары атанған, әрбір кәсіби маманның арман асуын бағындыру жолын салған Ш.Қажғалиев пен Х.Тастановтар еді. Осы кезең еліміздегі Домбыра мамандығының табысты жолының бастауы болды, біз осы мақаламызда Халық музыкасы факультетінің 75 жылдығына орай, алғашқы кәсіби домбыра өнерін дайындық курсынан бастап білім алып, оның қазіргі таңдағы сан-салалы жетістігінде айқын қолтаңбасы мен өлшеусіз еңбегі жатқан композитор, домбырашы, дирижер, ғалым зерттеуші, консерваторияның алғашқы түлегінің бірі, ұлы ұстаз Хабидолла Тастанұлы туралы баяндамақпыз.

1945 жылы Қазақ мемлекеттік консерваториясында ашылған Халық аспаптар кафедрасына қабылданған алты талантты жас және кейін қазақ өнерінің «алты арысы» аталынған кәсіби білікті мамандардың бірі – Х.Тастанов еді. [2, 12] Қазақ дәстүрлі өнерінде, кәсіби білімде бағындырған биік, алынған асу, жемісті жетістік болса академик Ахмет Қуанұлы басшылығымен алға қарыштаған осы алғашқы түлектердің еселі еңбегі екені айқын. Осы ұстаздарымыз салған сара жолдан із кесіп, айқын бағыттарын тапқан өнерлі ұрпақ – кәсіби дәстүрлі музыка тыңының туын биік көтеріп, өнер шыңын өрістете бағындырған ұлыларға мәңгілік қарыздар!

Хабидулла Тастанұлы 1927 жылы 12 шілдеде Ақтөбе облысы, Жұрын ауданы (бұрынғы Октябрь ауданы), «Жаңа тұрмыс» ауылында жай шаруаның отбасында дүниеге келген. Кішкентайынан әкесінен домбыра үйренген бала Хабидолла, ауыл жастарының арасында ән айтып, би билеп, күй тыңдап, мектеп жанындағы домбыра, хор үйірмесіне

қатысып, халық әншілері мен күйшілерінің шығармашылығымен танысып, өнер өрісінің өнегесіне сусындап өсіп жетіледі. Домбыраны шебер меңгерген ол, ауыл мектебін бітірерде домбырашы ағайындарының ақылмен: - Хабидолла, сен домбыраны шертуді керемет үйреніпсің, Алматыда консерватория деген өнер оқу орны ашылыпты, ол оқу орнын біздің жерлесіміз Ахмет Жұбанов басқарады екен, – деген сілтеме ақылды естісімен жас домбырашы ата-анасымен ақылдасады [3].

Бұл әңгімені естіген жас домбырашының ата-анасы риза болып, ұлдарын мақтаныш етіп, «өркенің өссін» деген батамен 1944 жылдың шілдесінде Хабидолланы Алматыға шығарып салады. Осылайша жас талант жоғарыда айтып өткеніміздей, дайындық курсына қабылданады. Ұлы дала мектебінің дәстүрлі үрдісінің арқауын жалғастыру мақсатында А.Жұбанов Құрманғазы оркестрінің алғашқы құрамындағы таланттарды ұстаздыққа шақырады. Х.Тастанов осындай халық арасынан шыққан талант, дәулескер күйші Қ.Жантілеуовтың сыныбына түседі. Сөз орайында айта кету орынды болмақ, әйгілі дирижерлар Ш.Қажғалиев пен Ф.Мансуровтардың домбыра мамандығын дәулескер күйші Қ.Жантілеуовтен бітіргенін біреу білсе, біреу білмес және олардың бірнеше аспапты, мамандықты меңгере тұрсада, күй тартқандарындағы орындаушылық өнерлерін тыңдап, тамсанған ұрпақтың соңы біз шығармыз деп ойлаймыз. Ол консерваторияны домбырашы, дирижер, композитор, музыка зерттеу мамандықтары бойынша тәмәмдаған.

Хабидулла Тастанов - Қазақстан өнеріне еңбек сіңген қайраткер (1972 жылы), профессор. Монғол Халық республикасының «Алтын Гадас» орденімен, Жоғарғы Кеңестің Грамоталарымен «Ерен еңбегі үшін» медалымен марапатталған. КСРО және Қазақстан композиторлар одағының мүшесі. Домбыра мамандығы бойынша тұңғыш профессор [4, 21]. Ол мұндай атақ дәрежеге өнерге деген сүйіспеншілігімен, көргенін көзге, тыңдағанын санасына тоқи алған алғырлығымен, ізденімпаздығымен, тынбайтын жанкешті еңбегімен жеткен маман.

Х.Тастанов консерваториядан алған мамандықтарының барлық саласының тізгінін тел ұстаған - білімдар, Ұлы ұстазы Ахмет Қуанұлы салған ізгілігі игілігіне ұласқан жолды кемелді жалғастырған ұңғыт, ізденімпаз шәкірт. Хабидолла Тастанұлы көп жылдар 1961-1971 жылдар аралығында Халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқаруында көптеген соны бастамаларды іске асырды. Ұстазы академик А.Жұбановтың ісін жалғастырып, дәстүрлі өнер-күй, шығармашылық қақындағы 100-ден аса очерктер, ғылыми-зерттеушілік мақалалар жазған. Бұл жөнінде А.Жұбанов өзінің «Өскен өнер» еңбегіндегі «Домбыра пәнінің жаңашыл мұғалімі» мақаласында «Ізденімпаз, дарынды, жаңашыл мұғалім ретінде танылды», - дей келе, қол жеткен жетістікке тоқмейілсінбейтін, домбыраны нотамен үйретуді тұңғыш енгізгенін, позиция шекарасын, аппликатурасын, қағыстар жүйесін енгізгенін, насихат жұмысын, шығармашылығын жеке-жеке талдап, «ғалым-ұстаз» деп жоғары бағалаған. [5, 135-139]

Ол домбыра үйрету үрдісін алғашқы қолға алған, домбыра өнерін түбегейлі ғылыми салаға астастырған мамандардың бірі екенін осы деректерден де танып білеміз. Оның «Алғашқы домбырадан сабақ беру әдістері», «Домбыра оркестрін қалай ұйымдастыру керек» – (1956), «Домбыраға арналған шығармалар» – (1957), «Домбыраға арналған этюдтер мен пьесалар» – (1966), «Алғашқы домбыра үйрену мектебі» – (1966), «Домбыраға арналған этюдтер мен пьесалар» – (1966) баспадан жарық көріп күні бүгінге дейін домбырашылар репертуарының, оларға сабақ беру, үйрету үрдісінің негізіне айналды. Хабидолла Тастановұлының бұл еңбектеріндегі кәсіби домбыра үйретудің әліппесінің негіздері алғаш ғылыми негізде дәлелденген тұжырымдар. Мұнда домбыра үйретудің негізгі принциптері, оқытушының мақсаты мен міндеттері, оқушымен таныстықтан бастап сабақты жоспарлау, оқушының қол қойылымы, орындыққа отырысы, жалпы адами байланысқа тәрбиелеу, жаңа шығарманы үйрету, мазмұнын ашу жолдары, жалпы сабақ беру әдістері сияқты т.б. педагогиканың мәселелерін қарастырады. Ол өзінің оқу жоспарында күй жанрына ерекше тоқталады, жай-жапсарын нақты қарастырады. Ұстаздың мақсаты мен міндеттеріне де аса көңіл бөледі, жаңа шығарма берген кезде, көп сөйлеп, ұзақ түсіндіріп отырудың қажеті жоқтығын айта келіп, сөзбен түсіндіргеннің орнына ұстаз

домбыраны қолына алып, ойнап көрсеткені абзал деген ойын жеткізеді. Осы орайда орыстың атақты мұғалімі, скрипкашы Л. Ауэрдің «Сөзбен сабақ берген – аздап сабақ бергенмен бірдей» - деген пікірін дәлелдеме ретінде келтіріп өткен және ұстаздың жақсы орындағанының өзінің кейде кейбір шәкірт санасына оңтайлы әсері болмайтындығын қаперге салғанына қарғанда, кейде жақсы орындаушы болғанымен ұстаздықтың, үйретудің сындарлы сала екенін ескерткені, сабақ беруде сөз бен орындаудың арқаулас, дәлелді болуын шәкірттің ой жүйесін дамыта отыруды ұғындырғаны деп түсіндік. Сонымен қатар оқытушы оқушыға берген тапсырмасы мен қойған талабын орындата білуге тиістігін, ол, оқытушының беделін, білім деңгейін анықтайтынын алға тартады. Осылайша оқу және тәрбиелеу жұмыстарын қапталдас жоспарлауға аса мән берген. Хабидолла ұстазымыз жеке жұмыс жоспарында төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- Оқушының техникалық, орындаушылық қабілеттерін ұштайтын екі қол қозғалысына арналған жаттығу, гамма, этюдтер;
- Оқушы деңгейіне байланысты халық және халық композиторларының мазмұны үйренушілердің жас шамасына сәйкес, психологиялық тұрғыдан түсінікті күйлері;
- Оқушының мүмкіндіктеріне байланысты жаңадан үйретуге лайық музыкалық шығармалар;
- Өз бетімен дайындалу үшін тапсырмалар (қазіргі кезеңде көп айтылатын өз бетімен жұмысты біздің ұстазымыз өткен ғасырдың 60 жылдары қозғаған екен);
- Тыңдау, танысып білу үшін берілетін репертуар, бұлда өз бетімен жұмыстың бір бөлігі, оқушының білім базасын кеңейту, талғамын тағалау, сонымен қатар болашаққа жоспарлау болып табылады;
- Бірден орындап, оқып кету үшін жеңіл жаттығулар мен мысалдар, мұны да білімдарлық деңгейін арттыру үшін керек қағида;
- Оқушының шеберлігі мен техникасын, есту қабілетін, ырғағын, екпіндік , теориялық білім дәрежесін дамытуда бірден-бір көмегін тигізетін – жаттығулар, гаммалар және этюдтер болып табылады.

Бұл үрдісті де алғаш игерген Х.Тастанов, оның осындай әдістемеліктері күні бүгінге дейін әр домбырашы ұстаз қолында. Хабидолла Тастанұлы «Домбыра» сабағын ұйымдастыруды үшке бөледі:

- Сабаққа дайындық;
- Сабақты жоспарлау;
- Сабақты ұйымдастыру.

Ол үшін оқытушы төмендегідей міндеттерді білуі тиіс екенін назарға ұсынады:

- Бастауыш және орта сыныптардағы музыканы оқытуәдістемесінің негізін білуді;
- жалпы білім беретін мектептегі мұғалімнің кәсіби педагогикалық
- қызметінің ерекшеліктерін сараптай алуды;
- музыкаға арналған балама және қолданыстағы
- бағдарламалар мазмұнын салыстырмалы түрде айқындауды;
- мектепте сабақтан тыс музыкалық жұмыстарды ұйымдастыру түрілерін қарастыруды.

Қандай да болмасын музыкалық шығармаларды үйретуде Хабидолла Тастанұлы бірнеше жолдарын атап, оны әртүрлі сатыға бөлген. Олар:

- шығарманы алғаш үйреткенде, оны оқушыға басынан аяқ теориялық шолу жасап таныстырып, перне басу, қағыс, техникалық қиындықтарын атап талдау, санатқызы отырып өте жәй екпінде орындап көрсету және шәкіртке шамасынша бір орындатқызу;
- шығарманың қиын жерлеріне ерекше тоқталып, оқушыға оны игеру үшін алады-ала берілген жаттығуларын, әдістемелігін қайталау жолдарын, музыкалық құрылысын, ырғағын, әуендік ерекшелігін таныстыру;
- Жаңа шығарманы үйренудің тәсілдерін игерген соң, шығарманы көркемдік дәрежесі тұрғысында, динамикалық көрсеткіштерімен жұмыс жасау;

- Себебі, оқушы бұған дейін шығарманың тек нотасын, техникалық ойнау әдісін, оның динамикалық ерекшеліктерін игерсе, ендігі ол шығарманы басынан аяғына дейін өз екпінінде, автордың ойына сай музыкалық-көркемдік дәрежеде орындауды мақсат ету; [6, 3-12].

Міне, композитордың домбыраға арналған «Тыңға аттану», «Қуаныш», «Толғау» күйлерінде және арнайы фортепиано сүйемелінде жазған «Қуанамын», «Романс» «Фантазия», «Би», «Той» туындылары домбырашының орындаушылық қырларын және аспаптың барлық мүмкіншілігін кеңінен аша түседі [7, 3-35].

Х. Тастанов – домбыраға арнайы фортепиано сүйемелінде дәстүрлі музыка арқауында шығарма жазу тыңында алғашқы іргелендіруші композитор. Оның бастамасымен бүгінгі таңда домбыра өнерінде кешенді өріс алған жаңа жанр, шығармашылық стиль, ағым пайда болды. Мысалы, композитор «Фантазия» шығармасында еуропалық циклдарды ала отырып, әр бөлімді жеке күй есебінде қарайды: «*Allegro*», «*Andantino*», «Вальс». Автор «Фантазия» жазуда – еуропалық әдісті, нұсқаны, дәстүрлі күй шығармашылығына жақындатып, орындаушының да, тыңдаушының да ой тұжырымының бір келісімге келуін мақсат етіп қойған және кәсіби тұрғыда ұтымды ойластырған [8, 4]. Хабидолла Тастанұлының шығармашылық жаңа мектебі үрдісі бүгінгі таңда кең өріс алды. Композитордан сабақ алған шәкірттері М. Әубәкіров, А.Жайымов, Е.Үсеновтер қазіргі уақытта домбырада тек қана күй емес, фортепианомен қосыла «Фантазия», «Увертюра», «Поэма», «Концерт» сияқты күрделі шығармаларды үйлесімді үндестікпен орындалатын деңгейге жеткізді. Авторлар күй жанрын әр қырынан қарай отырып, мазмұнын, бітім - болмысын айқара ашып жаңа белеске көтерді.

Оның «Алтай аясында», «Белгісіз солдат» қобызға және т.б. ұлт аспаптарына арналған шығармалары, күйлері аспаптық музыкада өте маңызды орынға ие. Сонымен қатар композитордың халық арасына кең таралған бірнеше әуезді әндері де бар. Ол өзінің дирижерлық мамандығы саласында да елеулі еңбек еткен, ұзақ жылдар студенттік халық аспаптар оркестрін басқарып және оған арнап «Қанаттанды» (Қ.Жұбановқа арналған) «Қуанамын»- (партитура) - (1977) жинақтарын, «Дирижерлік негіздері» - үйрену мектебін (1980), т.б көптеген басқа да халық күйші-композиторларының күйлерін хаттап және аспаптандырған. Хабидолла Тастанұлы Монғол халық республикасында 2 жыл жұмыс істеген кезеңінде сол ел өнерінің 1-ші онкүндігін дайындайды. Аталмыш шарада оның дайындаған ұжымы 1-орын алып, Монғол елінің ең жоғары марапаты «Алтын Ғадас» орденімен марапатталады. Ол Монғолияда тұратын қазақтардың 300-ге жақын әндері мен күйлерін жазып алып, Алматыға оралған соң зерттеу, хаттау жұмыстарын жалғастырады, сол елдегі Отандастарымыздың консерваториядан білім алуына мұрындық болады.

Атап айтсақ Монғолиядан келген шәкірттерінің бірі-Құсайынұлы Мұсайып ұстазы жөніндегі өзінің естелігінде: «1956 жылы Баян-Өлгий аймағында ұлттық музыкалық драма театры ашылды. Содан кейін ұлт аспаптар оркестрін құру идеясы көтерілді. Сол үшін Советтік Қазақстаннан арнайы мамандар шақырылды. Сол кезде Хабидолла Тастановтың келгені есімде. Сонымен қатар, ұлттық аспаптарды жасаудың шебері, осындағы Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің біраз аспаптарын жасаған Қамар Қасымов атты шебер келді. Шебер аспаптарды дайындады, Хабидолла Тастанов ойдағы-қырдағы таланттарды іздеп, ұлт аспаптар оркестріне мамандар дайындай бастады. 1959 жылдың желтоқсан айында оркестрдің тұсауы кесілді. Ол кезде Баян-Өлгийде би, балет, драма т.б. мұғалімдері болмады. Олардың көбі Ұланбатырдан, кейін Қазақстаннан келе бастады» - деп жазады [9].

Х.Тастанов Халық аспаптар кафедрасының он жылдың үстінде меңгерушісі, консерватория партия комитетінің хатшысы, республика бойынша оқу-әдістемелік кеңестердің төрағасы, бір сөзбен ұлттық өнер қамын ойлаған, оны басқара және зерттеп дамыта білген білікті маман, жігерлі ұйымдастырушы, қоғам қайраткері. Ол өзінің осы қасиеттерін шәкірттері санасына сіңіре білген, жанжақтылыққа тәрбиелей білген ұлағатты ұстаз. Енді осы айтылған ой-тұжырымдарды саралап көрсек:

Х.Тастанов – ұлылардың алдын көрген, олардан алған тәлімін шәкірттеріне ұқтыра білген ұлағатты ұстаз. Дүниедегі мамандық атаулының киелі де қасиеттісі табиғаттан берілетін – ұстаздық ұлағат. Себебі нағыз ұстаз – тұңғыық тереңдікпен мұзарт шың арасы аясындағы білім мен тәлімнің барша қорын арқаулаған тұлға, басқаға үйрете білетін тағылымы терең өнер иесі. Хабидолла Тастанов – табиғи дарыны, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбегін композиторлық қырымен ұштастырған, зерттеу саласындағы зерделі білімімен жас буынға терең тәлім-тәрбие беруге арнаған, үлгілі де ұлағатты ұстаз бола білген зиялы санаттағы тұлға.

Оның тамылжыған қоңыр да биязы даусымен баяндайтын үнінен, саусылдата тартқан домбырасының әуезіне ұйып тәлімін алған шәкірттері белгілі қоғам қайраткерлері, орындаушылар, қазақ өнерінің маңдай алды мамандары, оқу орындарының ұстаздары, дирижер, күйші-композиторлар. Осы шәкірттерінің арасында Хабидулла Тастанұлынан консерваторияда 5 жыл мамандықтан сабақ алу бақыты мағанда бұйырған тағдырыма дән ризамын. Ұстазымыз домбыраны солақай тартатын, көңілі толмай қалған кезде дауыс көтермейтін, қабағын бір көтереді де, байсалдылықпен «Қалес былай тартатын» -, деп домбыраны солақай түсіріп алып, күйлерді орындап беретін. Ал, фортепианомен қосылып орындаған кезде келеңсіз бір дыбысты қалт жібермейтін, қасымызда дирижерлап және әндетіп тұрады. Егер концертмейстер түсінбей жатырған жағдайда өзі фортепианоға отыра қалатында орындап көрсетіп беретін. Ақкөңіл, қалбаңдаған, аузынан «айналайыны» түспеген ұстазымыздың музыканың әр иіріміне байсалдылықпен айтар ұстамды уәжі бар еді, күнделікті сабақта жаңа тапсырма беріп, іздену, күй, күйші дерегін табу, жазу мәселесін қозғайтын, айтар ойының бәрін «Ақаң» (Ахмет Жұбановты бәрі осылай атайтын, қазір осы құрметті есімді біз жалғастырып келеміз) деп бастайтын. Бірде бізді консерваторияның фольклорлық бөлмесіне ертіп барып, меңгерушісі Науша апаймен таныстырып, оған «менің балаларыма күй тыңдауға жағдай жаса» деп сұрады. Ұстазымыздың сол кездегі бізді күйшілердің орындаушылық өнерлеріне тәнті етіп қызықтырғаны соншалық, ұмытылмастай есте қалғандықтан жарты ғасырға таяу уақытта кейбірінің орындаған күйлерін нотаға түсіріп, жинақтарын шәкірттері Қ.Сайжанов, Ә.Бекенбаев, А.Райымбергенов, т.б. шет-шепірлетіп баспадан шығарып жатырмыз. Ұстазымыздың қолынан қойын дәптері мен қаламы түспейтін, оқыған кітап, мақалаларымен ой бөлісетін және бізге үнемі жалықпай оқуға, кейбір кітаптарды уақыт өткізе келе қайталауға ұсыныс жасайтын. Біздің күй тану, зерттеу саласында ұшқындайда жеткен нәтижеміз болса, ол Хабес (өз ортасындағы сүйікті аты) ұстазымыздың санамызға сіңірген ұлағаты деп білеміз. Адам білімімен тау тұлға көрінеді деген дұры айтылған ақиқат-ау, біз 1975 жылы консерваторияға оқуға түскенде ұстазымыз бір үлкен ақсақалдай көрінген, қазір ойлап отырсақ, сонда ердің жасы елуге де келмеген, бар болғаны 48 жаста екен, біз бұл шамада не білгенімізді дөп басып айта қою қиын, қазіргі 50 жастағы жігіттер өзімізге баладай көрінеді. Біз соған қарағанда құлашымызды кеш сермеген сыңайлымыз. Сондықтанда әріптестерімізге өнерде көз қарақтылыққа ерте бастан баулу дағдысын қалыптастырғанымыз абзал дегіміз келеді. Күйшіге ойлылық, күй мазмұнына бойлау, ол үшін жанжақты білім алу керектігін күнде айтады десек артық емес. Шығарма мазмұнын жүрегінің түбінен жеткізу үшін автор уақытына, шығармашылығына, стиліне бойлауды, оған ұзақ уақытты мерзім керектігін, көп ізденіс, тәжірибемен келетінін қайталаушы еді. Күйтану үрдісіне ден қоюды айтып өзі дәріс оқитын шығармашылық орталықтарға, халық университеті сынды мекемелердің шараларына шақыратын. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деп халық тәмсілінде айтылғанындай Хабидолла Тастанұлының осы бір тәрбие мектебінен өткен кейбір шәкірттерінің жетістіктерін келтіре кетсек:

Жексенбек Еркінбеков алғаш домбырашыдан шыққан Мәдениет министрі, Қазақстан өнерінің еңбек сіңірген қайраткері, консерваторияның «Құрметті профессоры». Қазақстанда алғаш кеңестер одағы бойынша және алыс шетелдерге Ә.Дінішев, Ж.Әубәкірова, А.Мұсаходжаева сынды т.б. таланттарды конкурстарға жіберіп, жұлдызды жолдарын ашқан, дәстүрлі музыкада республика бойынша да алғаш Құрманғазы атындағы конкурсты қалыптастырып талай таланттың тағасын тағалауға ірге толтырған қоғам

қайраткері. Министр тұғырына дейін көптеген басшылық жұмыстар атқарып ұстазының ұйымдастырушылық қабілетін жалғастырған шәкірт. Жексенбек Еркінбекұлының консерваторияда үздік оқығанын, сол кездегі Лениндік стипендиат болғанын және консерватория бойынша комсомол ұйымының төрағасы қоғамдық жұмысын жақсы атқарып көзге түскенін, домбырашы ұлдардың ішіндегі алғаш үздік диплом алған деп ұстазымыз мақтап отыратын. Ұстаз жолымен Ж.Еркінбеков министр қызметін атқара жүріп, «Қобызбен домбыраға арналған шығармалар» жинағын да баспадан шығарды. Жексенбек Еркінбекұлының адами, мамани қасиеттерін, зиялылығын, қайраткерлігін өзімізде көре қалдық. Өркез ақылын айтып отыратын абыз адам еді [4, 159-160].

Малгаждар Әубәкіров – «Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер», дүлдүл домбырашы, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, дирижер, профессор. Ол ұстазының жолын риясыз жанжақты жалғастырған сүйікті шәкірттерінің бірі болатын. Ұстазынан бітірген шәкірттерге бұл ардақты есімді қадірлеуді көп айтатын. Ол біздің студенттік жылдарымызда халық аспаптар оркестрін басқарды, оған дейін әлемге әйгілі Құрманғазы оркестрінің де дирижеры болған, ұстаз жолымен Монғолияның Баян өлги аймағында екі жыл қызмет атқарған, 1991 жылдан өмірінің соңына дейін кафедраның меңгерушілік қызметін атқарды. Бізге, өткен ғасырдың 70- 95 жылдарындағы ұрпаққа бірнеше рет Малгаждар Әубәкірұлының жеке концерттерін тамашалау, ұстаздық ұлағатын ұғу, шығармаларын орындап жанында жүріп ақыл-кеңесін тыңдау бақыты бұйырды. Домбырашы ретінде оның техникалық шеберлігін сипаттау мүмкін емес, шетел шығармаларын орындағандағы тремоло, пиццикато қағыстарын әлі ешкімнен тыңдап көрмедік. Өзінің «Талас» күйін жойқын екпінде орындасада бір дыбысты шашау шығармайтын, мұндай ептілік әдісі де жұмбақ күйінде қалды. Оның С.Тұрысбеков сынды бірнеше талантты шәкірттері өнерде танымал мамандар. Ол өзінің әлі күнге домбырашылар репертуарынан бір шеттемеген алғашқы «Жас екпін» шығармасын ұстазына арнап шығарған. Осы сынды Домбыра орындаушылық, шығармашылық өнеріне әкелген соны жаңалықтары мен халық аспаптарына әсіресе домбыраға арналған шығармалары мен күйлері көлемді іргелі мектеп. М.Әубәкіровтың «Домбыраға арналған әдістемелігі», аспаптарға, оркестрлерге арналған шығармалары, балалар хорына арналған ораториясы орындаушылар репертуарынан берік орын алған екпінді туындылар. Тура ұстазымыз сияқты, ақжайнақ, көңілді, «әке, әкем» деп сөйлейтін, қайырымды адам еді. Бірақ мінезі келгенде мәймөңкелеуді білмейтін, шындықты бетке тіке айтатын. Шығармашылығы қарымды, тындырымды өте білікті маман еді [4.52-53].

Құсайынұлы Мұсайып – 1941 жылы Моңғол Халық Республикасы, Баян-Өлгей аймағында орналасқан Алтынсөг құмына дүниеге келген. Жоғарыда айтып өткеніміздей ұстазымыздың шақыртуымен 1962 жылы Қазақ мемлекеттік Консерваториясына оқуға қабылданып, композитор Хабидолла Тастановтан тәлім алған. Моңғол қазақтарының ән-күйін зерттеуге ұстаз жолымен көп еңбек сіңірген қандасымыз. Өзі де 30-40 шақты әндер мен онға жуық күйлердің авторы. "Жеңіс" увертюрасының авторы. Сол секілді 5-6 симфониялық шығарма жазған композитор.

Садуақас Балмағанбетов – күйші, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, консерватория ұстазы. Ол дәулескер күйшілігімен бабалардың өзіндей, көзін көріп қолынан алғандай иланымды өнерімен, тыңдарман халқының сүйіспеншілігі, бағалауымен «Тірі Қазанғап» атанған. Оның дәстүрлі күйшілік мектептер үрдісінде шығарған «Жасай бер, өмір жасай бер», «Жас отау» т.б. күйлері, арнайы фортепиано сүйемелімен жазған «Күй дастан» поэмасы домбыра өнерінің құнды қазынасы. Шәкіртке мінез ұстаздан беріледі десек артық емес шығар, бала көңіл сәл нәрсеге иланып қалатын, ақжарқын, аузынан айналайыны түспейтін, кеңпейілді, ауылдың дарқандығы даладай дарыған жомарт адам еді. Өнерге деген құрметі мен сүйіспеншілігі соншалық, консерваторияға түспей тұрғанда ауылына концерпен барған Құрманғазы оркестрін сиыр сойып қонақтапты, мұны сонда болған ұлыларымыз Ш.Қажғалиев пен Қ.Ахмедияровтар айтқан ақиқат. Мұнан шығатын қорытынды зерттеуші, орындаушы, ұстаз қандай мамандықта болсаңда алдымен адами қасиетте болып, оны айналаңа дарыта білу. Ол нағыз шарықтау шағында өмірден ерте кетті.

С.Балмағамбетовтың телевидение және радионың «Алтын» қорында қалың қазынасы сақталған. Бұл қазіргі жас домбырашылардың күнде құлақтарын түріп тыңдап жүрген үлгі мектебі [4, 57-58].

Алтынбек Қоразбаев – Қазақстан (1993ж.), Қырғызстанның (1994 ж.) халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың, Барыс орденінің иегері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі, «Қазақконцерт» гастрольдік бірлестігі директоры, композитор.

Алтынбек Қоразбайұлы консерваторияны тәмәмдағаннан кейін Құрманғазы оркестрінің артисі қызметіне орналасып, бірнеше шетелдік гастрольдерде болады. Оның Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевпен бірге Гурьев облысына 1972 жылы баруы өнерінің бір белесі, сол жолы Кененнің «Бозторғайын» «Базар-Назарын» және «Қайран жастық» әндерін орындап, ұлы әншінің бағалауынан кейін, домбырашының ән орындаушылығы мен шығармашылығы үрдісіне ден қояды. 1973 жылы туған өлкесі Жамбылға оралып, облыстық «Алатау» триосы көркемдік жетекшісі, сонан соң облыстық филармония директоры қызметін ұзақ жылдар атқарады. 90 жылдары Алматыға арнайы шақыртуымен келіп, Облыстық филармония әншісінен директорлығына көтеріліп, қазіргі таңда «Қазақконцерт» гастрольдік бірлестігінің басшысы.

Оның халық сүйіп тыңдайтын «Қара кемпір», «Қара шал», «Қара бала», «Шашбаулым», «Сырғалым», «Аяулы Таразым», «Сағындым Алматымды», «Кенен ата», «Сағындым Кенен атамды», «Жиырма бес», «Үш қоңыр» т.б. көптеген әндерді қалың тыңдарманның қалаулы, асыға күтетін туындылары. Тәлімін алған шәкірттері ел аузындағы әншілер. Ол қайырымы мол, қазақ өнеріне риясыз еңбек етіп келе жатқан, еліне, жүрген ортасына өте сыйлы азамат. [4, 169-170]

Сайжанов Қарасай – ҚР-мәдениет қайраткері, Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Композиция, опера - симфониялық оркестрді дирижерлеу» департаментінің доценті, «Үздік аспаптаушы» төс белгісінің иегері, күйші, ұстаз, дирижер, композитор. 1975-1991 ж.ж. Жезқазған музыка училищесінде дирижер, күйші, өнер зерттеуші ұстаз ретінде бастап, Қарағанды филармониясы «Тәттімбет» атындағы Қазақ ұлт аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері, Н.Тілендиевтің шақыруымен «Отрар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрінің дирижеры т.б. ұжымдарды басқарып республика және шетел сахналарында концерттер берген. 1999 жылдан күні бүгінге дейін Қазақ Ұлттық музыка академиясының ұстазы, оның бірнеше зерттеушілік жинақтары елімізге кең таралған. *Оның* «Менің бабам Бәйдібек», «Домалақ Ана» *т.б.* күйлері және көптеген әндері мен халық аспаптарына, ансамбль, оркестрге арналған шығармалары кеңінен танымал туындылар. Ұстаз жолымен Қ.Сайжановта орындаушылық және шығармашылық өнерді зерттеушілік саламен тығыз байланыстырған еңбекқор маман. Көптеген еңбектері баспадан жарық көрген.

Хабидолла ұстаздың тағы бір шәкірті Ә.Бекенбаевпен бірге «Ұстазға тағзым» домбыра мен фортепианоға арналған шығармалары- оның қасиетіне бас ию, ұлықтау болып табылады [10]. Ұстаз тағылымы деген осы! Хабидолла Тастанұлының тағы бір дәстүрлі өнерге аянбай еңбегін сіңіріп келе жатқан, көпке танымал шәкірттерінің бірі, Ө.т.ғ.кандидаты, Қазақстан мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері **Абдулхамит Райымбергенов**. Ол, өзінің «Мұрагер» жеке бағдарламасымен «Көкіл» мектебін ашып, бұл үрдісті дәстүрлі өнерге бет бұрған жас жеткіншектерге республика бойынша үйретуде. Сонымен қатар бірнеше құнды күй жинақтары баспадан жарық көрді, әсіресе «Ақжелең» жанрының атасы Қазанғап күйші шығармашылығын түбегейлі зерттеуші және орындаушы. Үн жазылымдары қазақ радиосының «Алтын қор» қазынасында сақтаулы. Телевидениеде күй өнеріне арнап бірнеше арнайы бағдарламалар ұйымдастырды [4, 71-73].

Бір мақала аясында ұстазымыздың берген тәлімімен шәкірттерінің бәрін қамтуға мүмкіншілігіміз жоқ болғандықтан, кейбірінің атқарған еңбектерін үлгі ретінде қысқаша бердік. Ұстазымыз 1980 жылы бар жоғы 53 жасында, қазақ өнеріне нағыз еңбек сіңіреп, игілікті істер тындырар шағында кенеттен өмірден өтті. Біз шәкірттері Құрметті ұстазымыздың еске алу концерттерін өткізіп тұрамыз, қазір шығармашылық қырларын, туындыларын мәңгілікке қалдыру мақсатында жинақ қолға алынған.

Х.Тастанов алдымен – ата-анасының тәрбиесін терең ұққан ұлықты ұл, білімге құштар, жанжақты мамандықтарға оқып онан түйгені мол, ұлылардың алдын көрген, жанына ерген осының арқасында ұлағат шыңына жеткен, ақжарқын, үлкенді сыйлай, кішіні қамқорлай білген абырой қонақтатқан, азамат. Осы тұста қазіргі жанжақты үйренгісі келетін кейбір таланттарға республикадағы музыкалық білім берудегі кредиттік оқу жүйесіндегі жаңа ережелердің, бағдарламаның, төлемді оқу шарттарының тосқауыл болатындығы бар екенін осы тұста айта кету де орынды сияқты. Иә, дәстүрлі жүйеде оқытудың мақсаты ақпарат пен нақты білім беру болса, жаңа жүйеде нақты білімнің негізінде білім алушының шешім қабылдай білу дағдыларын дамыту, яғни шығармашылық әрекет пен өздігінен танып-білуді және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады деп айтушылар табылар. Бұл жүйеге біраз уақыт музыкалық салаға келіңкірейтін тұстарын дәлелге келтіріп, консерватория ұжымы республика бойынша ең соңғы болып өтті. Мұнда білім алушылардың оқу жоспарындағы пәндерді таңдаудағы көп еркіндігі, әр студенттің өз жеке оқу жоспарын жасауға тікелей өзі қатысуы, оқыту бағдарламасының икемділігі және таңдау курстарының көптігі сөз жүзінде тиімділікті сипаттайды. Білім беру стандартын, типтік оқу бағдарламаларын жасауда бүкіл ұжым болып атсалыстық. Дәстүрлі орындаушыларға қажетті элективтік пәндерді білім бағдарламасына енгіздікте, бірақ мұны таңдауға кейде жылға берілетін кредит санының шектеулігінен мүмкіндіктерде болмай қалады. Бұл білім жүйесінің тиімді жақтары да баршылық, олар студенттің өздік жұмысының (СӨЖ) үлесінің артуы, оның оқытушы қатысуынсыз жүретін СӨЖ және оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өздік жұмысы (ОСӨЖ) болып бөлінуі, оқу мотивациясының артуы, шетелде оқу мүмкіндігі, алған білімді басқа елдегі оқу орнының академиялық мойындау кепілдігі, оқытуда интерактивті әдістердің кеңінен қолдану мүмкіндігі, білім деңгейінің нақтылығы, баға жүйесінде дәстүрлі бағалаудан өзгеше жинақталатын сынақтық жүйенің енгізілуі және дәстүрлі бағалау жүйесіне аудару механизмінің болуы т.т. Алайда, дәстүрлі орындаушылар қай шетелдің оқу орнынан өз мамандықтарын мойындата алады деген сұрақ әлі мазалайды, тағыда қазіргі екінші мамандықтың төлем ақылы болуы, біздің ұлы ұстаздарымыздай жастарға бірнеше саланы игеру мүмкіндігінен айырды және мұны көптеген алыс ауылдардан келген талантты жастардың жағдайы да көтермейді. Осы орайда Хабидолла Тастанұлы және шәкірттеріндей бірнеше мамандық игеріп жанжақты маман болса деген үміттен, бізде бұрынғы оқу жүйесіндегі дәстүрлі орындаушыларға оң тұсынан келген жәйттерді аңсауда жоқ емес. Өйткені дәстүрлі өнердің жолы, негізі басқа ғой. Сондықтан аштық-жоқшылық заманда рухани тоқ болған, өнерде келер ұрпақ үшін сара жол салған Ұлы ұстаздарымызға – шәкірттері мәңгілік басымызды иіп, тағзым етеміз!.

Әдебиеттер тізімі

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы. Алматы, «Атамұра»-2004. 302 б.
2. Дәстүрлі өнердің алтын ұясы./ К.Сахарбаева, Б.Ысқақов/. Алматы, «АІІ&Companу»-2015.94б.
3. Жеке мұрағат.
4. **Сахарбаева К.** Домбыра кафедрасының тарихы. Игілік-group. 2015. 224 б.
5. **Жұбанов А.** Өскен өнер. Алматы: Ғылым, 1985. 245 б.
6. **Х. Тастанов** «Домбырадан сабақ беру методы» «Жазушы» баспасы, Алматы – 1970 – 3-28б.
7. **Х. Тастанов** «Домбыраға арналған этюдтер мен пьесалар» «Мектеп» - баспасы, Алматы – 1966ж – 70 б.
8. **Сахарбаева К.** Домбыра – Дастан. Алматы: Мектеп, 2002. 254 б.
9. Қарасайдың қырлары [Электронный ресурс] URL: <https://www.astana-akshamy.kz/qarasajdyng-qyrlary/>
10. Күйші, композитор Хабидолла Тастановқа арналған кеш өтті / Қазақстан жаңалықтары Kazakh TV арнасындағы соңғы жаңалықтар [Электронный ресурс] URL: https://kazakh-tv.kz/kz/view/culture/page_185278_v-astane-proshel-kontsert-dombyra-dastan

11. **Х. Тастанов** «Домбыра оркестрін қалай ұйымдастыру керек», Алматы – 1956ж. Алма-Ата. Энциклопедия / Гл. ред. М. К. Козыбаев. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1983. – С. 312. – 608 с.
12. Композиторы Казахстана /Под ред Ахметова М.- Вып .1-2.-А лматы, «Жалын», 1978-1981 г.

References (transliterated)

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториасы. Алматы, «Атамұра»-2004. 302 p.
2. Dástúrlı ónerdiń altyń uâsy./ K.Saharbaeva, B.Ysқақov/. Алматы, «АИ&Company»-2015.94 p.
3. Žeke murағat.
4. Saharbaeva K. Dombyra kafedrasynыń tarihy. Iǵilik-group. 2015. 224 p.
5. Žubanov A. Ósken óner. Алматы: Ǵylym, 1985. 245 p.
6. H. Tastanov «Dombyradan sabaқ беру metody» «Žazuśy» baspasy, Алматы – 1970 – pp. 3-28.
7. H. Tastanov «Dombyraǵa arnalǵan etúdtter men p'esalar» «Mektep» - baspasy, Алматы – 1966 – 70 p.
8. Saharbaeva K. Dombyra – Dastan. Алматы: Mektep, 2002. 254 p.
9. Қарасайдың қырлары [Elektronnyj resurs] URL: <https://www.astana-akshamy.kz/qarasajdyng-qyrlary/>
10. Kùjši, kompozitor Habidolla Tastanovқа arnalǵan keś otti / Қазақстан жаңалықтары Kazakh TV arnasyndaǵy sońǵy жаңалықтар [Elektronnyj resurs] URL: https://kazakh-tv.kz/kz/view/culture/page_185278_v-astane-proshel-kontsert-dombyra-dastan
11. H. Tastanov «Dombyra orkestrin қалай уймдастыру керек», Алматы – 1956ж. Алма-Ата. Энциклопедия / Гл. ред. М. К. Козыбаев. – Алма-Ата: Гл. ред. Казахской советской энциклопедии, 1983. – 608 pp.
12. Kompozitory Kazahstana /Pod red Ahmetova M.- Vyp .1-2.-A lmaty, «Žalyn», 1978-1981.

Автор туралы мәлімет:

Сахарбаева Карима Сүндетқызы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры.

Сведения об авторе:

Сахарбаева Карима Сундетқызы – Заслуженный деятель Республики Казахстан, профессор Казахской национальной консерватории им. Курмангазы.

Information about author:

Saharbayeva Karima Sundetkyzy – Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, Professor of Kurmangazy Kazakh National Conservatory.